

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар



Социально-гуманитарные науки



Social sciences and humanities

FTAMP 04.51.35

Б.Т. Альмуратов (orcid – 0009-0003-8565-503X)

Әлеуметтік білімдер магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. Қазақстан
e-mail: almuratov.b@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/FRLM7482>

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ АХУАЛЫ ЖАЙЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІҢ МОНИТОРИНГІ

Аңдатпа. Жергілікті өзін-өзі басқару институтының демократиялық процестерге әсерін әлеуметтанулық сауалнама жасай отырып зерттеу нәтижесінде үш облыс тұрғындарының көзқарасын анықтап белгілі бір зерттеу нәтижесі пайда болды. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы, бүгінгі күні жергілікті өзін-өзі басқару саласының дамуына қандай мәселелер орын алуда, тұрғындардың ойынша қандай кезек күттірмейтін шешімдер қабылдауды талап етуде, қоғамдық және басқару институттарының халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруына көмектесу деңгейі және биліктің шешім қабылдау процесінде қалың жұртшылықты қатыстырудың тиімді жолдары қарастырылған. Зерттеу анкета арқылы пікір-терім алынып оның нәтижесі шығарылды. Пирсон кестесі бойынша екі сұрақтан салыстырмалы кесте жасалынып оның мәндері есептеліп екі әлеуметтік құбылыстың қайсысы маңыздырақ екендігі өлшенді. Осы әдіс бойынша қазіргі Қазақстанның саяси өмірі демократияны таңдау жолына тәуелді емес екендігі айқындалды.

Тірек сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, демократия, үшін X^2 (Chi-квadrat) әдісі.

Кіріспе. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысын білу мақсатында Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында әлеуметтанулық сауалнама жүргізілді. Зерттеудің мақсаты халықтың жергілікті өзін-өзі басқару институты жайлы ой-пікірлерін анықтау, жергілікті өзін-өзі басқару саласының дамуына қандай мәселелер орын алуда және Қазақстандағы конституциялық реформалар жергілікті өзін-өзі басқару институтының дамуына қаншалықты дәрежеде әсер етуін айқындау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Сауалнамаға әр облыстан 500 (барлығы 1500) респонденттен анкета арқылы сұрақ-жауап алынды. Олардың жас ерекшеліктері, білім деңгейлері әртүрлі. Қызмет атқаратын салалары, мемлекеттік қызметкер - 15,3%, мұғалім - 13,3%, студент – 13,1%, жеке кәсіпкер мен зейнеткерлер 9,1%-дан, дәрігер – 5,5%, ЖОО оқытушысы – 5,9%, қоғамдық ұйым мен саяси партия белсенділері – 4,9% бен 2,4% сәйкесінше. Сонымен қатар дәрігер 5,5%, үй шаруасындағы әйел – 6,3%, саудагер мен жалдамалы жұмысшы – 9,9% бен 6,3% сәйкесінше. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 58,3%-ы әйел, 41,7%-ы ер азаматтар.

Талқылау. Социологиялық зерттеуге қатысатын респонденттердің басты жиынтығын анықтау үшін, облыс халқының жалпы санынан 18-ге дейінгі тұрғындардың санын шегереміз. Шыққан мән зерттеудің басты

жиынтығын білдіреді. Есеп мына формула бойынша жүргізіледі: $N = B - C$; N – басты жиынтық; B – халықтың жалпы саны; C – 18-ге дейінгі тұрғындар саны. Осыдан мынадай қорытынды шығады.

$$979500 - 479300 = 500200$$

Зерттеудің басты жиынтығы 500200 адам, социологиялық зерттеуге қатысатын адам санын (іріктелген жиынтық) анықтау үшін, $V = N \times 0,001$;

V – іріктелген жиынтық, N – басты жиынтық, басты жиынтық үлес салмағын 0,001-ге көбейту арқылы анықтаймыз [1].

$$500200 \times 0,001 = 500,2$$

Социологиялық зерттеудің іріктелген жиынтығы 500 адамды құрауда.

Сауалнамаға қатысқандардан «Сіз өз өңіріңіздегі жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген «қоғамның сұранысына» қандай баға берер едіңіз?» деп сұрағанымызда төмендегідей жауап алдық.

1-кесте

Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы

№	Жауап	Жамбыл облысы N-500 (%)	Алматы облысы N-500 (%)	Түркістан обл. N-500 (%)	N-1500 (%)
1	Жоғары	9,6	10,4	9,2	9,73
2	Орташадан жоғары	17,2	16,4	17,6	17,07
3	Орташа	31,6	31,0	32,6	31,73
4	Орташадан төмен	15,2	14,0	12,8	14,0
5	Төмен	11,6	12,8	12,2	12,2
6	Бағалай алмаймын	13,2	14,2	13,8	13,73
7	Жауап беруге қиналамын	1,6	1,2	1,8	1,53
Барлығы		100,0	100,0	100,0	100,0

Респонденттердің берген жауабынан белгілі болғандай сауалнамаға қатысқан әрбір үшінші адам орташа деген баға беруде. 17,07%-ы орташадан жоғары деп жауап берген. Төмен (12,2%) және бағалай алмаймын (13,73%) деп жауап бергендердің үлес салмағы жоғары (9,73%) деп жауап бергендерден де көп. Жалпы осы сұрақтың жауабынан белгілі болғандай жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы орташа деңгейде екендігі белгілі болды. Мұның себебі халықтың көпшілігінің жергілікті деңгейдегі мәселелердің әлі күнге дейін жергілікті атқарушы органдардың шеше алмай отырғандығынан деуге болады. Жергілікті халық қауымдастыққа бірігіп өз мәселелерін өздері шешкеннен гөрі мәселені жоғарыдан келіп тындырып бергенін қалайды. Бірақ азаматтық қоғамда жергілікті мәселелер тек жергілікті деңгейде шешімін табуы тиіс. Бұған

халықтың көбі әлі сенбей отыр. Сондықтан да жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы орташа деңгейде.

2-кесте

Бүгінгі күні жергілікті өзін-өзі басқару саласының дамуына қандай мәселелер орын алуда, Сіздің ойыңызша қандай кезек күттірмейтін шешімдер қабылдауды талап етуде

Жауап	Жамбыл обл. (%)	Алматы обл. (%)	Түркістан обл. (%)	N-1500 (%)
ЖӨБ-дың дамуын жетілдіріп, нақты заңдық және нормативтік-құқықтық базаның жоқтығы	25,6	26,2	22,8	24,87
Заңда белгіленіп анықталмаған және атқарушы билік орындары мен ЖӨБ органдарының қызметінің күзіреті белгіленбеген	17,8	19,2	20,8	19,27
Қазақстанда жергілікті салық жинау жүйесі нақтыланбаған	32,6	34,8	25,2	30,87
ЖӨБ органдарының меншіктік түсім базалары әлсіз, осы ЖӨӨБ органдарындағы базаны жетілдіру жолдары көзделмеген	24,4	22,8	21,6	22,93
ЖӨБ-ды әкімшілік-территориялық реформаны	20,4	19,2	17,6	19,07

жүргізбей дамыту мүмкін емес				
Шешімдерді қабылдау және орындауға нақты жауапкершілік жоқ	10,2	12,6	9,8	10,87
Елімізде саяси жүйені нақты өзгеріске ұшыратпаса ешқандай шешім қабылданбайды	9,6	10,4	12,8	10,93
Азаматтық қоғам тарапынан және төменнен толыққанды бастамашылық жоқ	25,2	24,4	27,6	25,73
Билік органдарына сайлау жүйесін өзгерту қажет	4,6	6,4	8,4	6,47
Жауап беруге қиналамын	1,2	1,6	1,8	1,53

Бүгінгі күні жергілікті өзін-өзі басқару саласының дамуына қандай мәселелер орын алуда, Сіздің ойыңызша қандай кезек күттірмейтін шешімдер қабылдауды талап етуде деген сауалымызға респонденттердің әрбір үшіншісі (30,87%) Қазақстанда жергілікті салық жинау жүйесі нақтыланбаған деген ойда. 25,73%-ы азаматтық қоғам тарапынан және төменнен толыққанды бастамашылық жоқ деген пікірде. Яғни азаматтық қоғамның толыққанды дамымағанын алға тартуда. Егерде азаматтық қоғам ойдағыдай жетілмеген жағдайда жергілікті қауымдастықтардың өздігінен құрылып, оның жергілікті мәселелерді шешуге белсене араласуы неғайбыл. Сауалнамаға қатысқандардың 24,87%-ы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын жетілдіріп, нақты заңдық және нормативтік-құқықтық базаның жоқтығы десе, 22,93%-ы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының меншіктік түсім базалары әлсіз, осы жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы базаны жетілдіру жолдары көзделмеген деп жауап берген. Қазақстандағы жергілікті атқарушы биліктің, соның ішінде ауылдық округ әкімдерінің салықтық төлемдер мен меншіктік түсім базалары жоқ десек те болады.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде заңда белгіленіп анықталмаған және атқарушы билік орындары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінің күзіреті белгіленбеген (19,27%), жергілікті өзін-өзі

басқаруды әкімшілік-территориялық реформаны жүргізбей дамыту мүмкін емес (19,07%), елімізде саяси жүйені нақты өзгеріске ұшыратпаса ешқандай шешім қабылданбайды (10,93%), билік органдарына сайлау жүйесін өзгерту қажет (6,47%) деген ұсыныс-пікірлерін білдірген. Ал мәселе ретінде шешімдерді қабылдау және орындауға нақты жауапкершілік жоқ (10,87%) деген көзқарас танытқан.

Осы сұрақтан белгілі болғандай жергілікті өзін-өзі басқару саласының дамуына кедергі болатын бірнеше мәселелерді сауалнамаға қатысқан барлық жұртшылық жақыннан білетіндігін көруге болады. Сұрақтың жауабына зер салатын болсақ барлығы да күнделікті өмірде жиі кездесетін мәселелер екендігі байқалады. Бір ғана жауапты талдайтын болсақ, шешімдерді қабылдау мен орындауға нақты жауапкершіліктің жоқтығы барлық тұрғындардың наразылығын тудыратындығы анық әрі айқын жағдай. Жергілікті атқарушы билік тұрғындарға байланысты қабылдаған шешімдері кейде оны орындау кезінде қарама-қайшылық тудырып отырады. Мұны жергілікті халық өте жақсы біледі, тіпті мұнымен бетпе-бет кездесіп отырады.

3-кесте

Қоғамдық және басқару институттарының халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруына көмектесу деңгейі

Институт	Тіпті жәрдемдеспейді	Жәрдемдеспейді	Кейде жәрдемдеспейді	Кейде жәрдемдеседі	Жәрдемдеседі
Саяси партиялар	15,0	11,8	21,2	28,7	23,3
Қоғамдық ұйымдар	7,8	13,6	19,4	33,8	25,2
Кәсіподақ ұйымы	15,8	27,6	32,4	14,8	9,2
БАҚ	11,3	15,7	21,3	31,9	20,1
ЖӨБ органдары	28,1	22,6	15,4	17,7	16,3
Жергілікті атқарушы билік орындары	22,1	25,5	17,6	11,6	21,3

Сауалнамада белгілі болғандай респонденттердің пікірі бойынша саяси партиялар халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруға кейде жәрдемдеседі (28,7%) екен. Жауап берушілердің 23,3%-ы толыққанды жәрдемдеседі деген ойда. Егер болымды жауап бергендердің жалпы пайызын (52,0%) қосатын болсақ саяси партиялар халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруға едәуір көп мөлшерде көмектеседі.

Нәтижелер. Қоғамдық ұйымдар да өз тарапынан халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруға атсалысуда. Респонденттердің берген жауабына қарағанда 33,8%-ы кейде жәрдемдеседі десе, 25,2%-ы жәрдемдеседі деген пікірде. Жалпы жиынтық 59,0%-ды құрауда. Бұған мысал ретінде азаматтық қоғам институттарының аймақтар мен өңірлерде жанданып жұмыс істей бастағанын айтуға болады. Оның үстіне қазір үкіметтік емес ұйымдарға

мемлекет тарапынан бюджеттен қаржыландыру арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындауға мүмкіндік беруде. Бұл жобалардың бәрі халықтың көкейкесті мәселелерін шешуге өз үлестерін қосуда.


Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың кәсіподақ ұйымының жұмысына көңілдері толмайтынын аңғаруға болады. Өйткені респонденттердің 14,8%-ы кейде жәрдемдеседі десе, 9,2%-ы жәрдемдеседі деген пікірде. Жалпы жиынтық 24,0%-ды құрауда. Ал, кейде жәрдемдеспейді, жәрдемдеспейді, тіпті жәрдемдеспейді деген нұсқаны белгілегендердің жалпы үлесі 76,0 пайыз. Осыған қарап кәсіподақ ұйымдары халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруда өз деңгейінде қызмет атқара алмағандығын түсінуге болады.

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруда беделді күш екендігі белгілі. Тұрғындардың 52,0%-ы қоғамдық белсенділікті арттыруда БАҚ өзінің жәрдемін аямайтындығын айтуда.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруда 34,0% жәрдемдеседі десе, жергілікті атқарушы билік органдары 32,9% жәрдемдеседі деген.

Азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға селсоқтық танытатын кәсіподақ ұйымы мен жергілікті атқарушы билік органдары болып отыр. Бұл екі институт та өздерінің күнделікті қызметін бір қалыпты орындап, ешқандай жаңа көзқарас пен әдістерді пайдаланбайтыны анықталды.

1-сурет. Қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік билік орындарына ұсыныстары




Сұрақтың жауап нұсқалары: 1) шынайы және жан-жақты зерттеу жүргізу (тақырыпқа байланысты); 2) мәселеге байланысты тың көзқарастар; 3) көкейкесті мәселелерді талқылауда қоғамдағы барлық деңгейдегі бұқараны тарту (араластыру); 4) халықтың билікке сенімін қалыптастыруда көмектесу; 5) әр түрлі мәселелерде қолдау көрсету.

Үш облыста да бірдей көрініс пайда болып отыр. Қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік билік орындарына көкейкесті мәселелерді талқылауда қоғамдағы барлық деңгейдегі бұқараны тарту (араластыру) қажет деп жамбылдықтардың 27,2%-ы, алматылықтардың 31,4%-ы, оңтүстік қазақстандықтардың 29,8%-ы ұсыныс беріп отыр. Халықтың билікке сенімін

калыптастыруда көмектесу қажет деп жамбылдықтардың 25,2%-ы, алматылықтардың 22,6%-ы және оңтүстік қазақстандықтардың 28,4%-ы айтуда. Қандай мәселе болмасын оған байланысты тың көзқарас керек екені белгілі. Осындай ұсынысты жамбылдық респонденттердің 19,4%-ы, алматылық жауап берушілердің 17,2%-ы, оңтүстік қазақстандық сұрақ-жауапқа қатысқандардың 18,4%-ы беру орынды деген пікірде. Сондай-ақ, шынайы және жан-жақты зерттеу жүргізу (тақырыпқа байланысты) керек деген ойға жамбылдықтардың 15,4%-ы, алматылықтардың 10,4%-ы, оңтүстік қазақстандықтардың 12,2%-ы қосылуда.

Жалпы зерттеу нәтижесінде қандай билік түрі болмасын барлық деңгейдегі атқарушы билік органдары бұқара халықпен санасып отыру қажеттігі анықталды. Сонда халықтың билікке сенімі артады және тың көзқарастар пайда болады.

2-сурет. Биліктің шешім қабылдау процесінде қалың жұртшылықты қатыстырудың тиімді жолдары



Сұрақтың жауап нұсқалары: 1) тұрғындарды оқыту және ағарту арқылы, әсіресе жастарды; 2) қалың жұртшылықтың пікірімен санасу үшін билікке қысым жасау арқылы; 3) ашық әрі әділ сайлау арқылы; 4) азаматтардың белсенділігін көтеру және жауапкершілік санасын қалыптастыру арқылы.

Биліктің шешім қабылдау процесіне қалың жұртшылықты қатыстырудың тиімді жолдары ретінде респонденттің көпшілігі ашық әрі әділ сайлау деп ойлайды екен. Облыстарға бөліп қарастыратын болсақ жамбылдықтардың 37,2%-ы, алматылықтардың 35,4%-ы, оңтүстік қазақстандықтардың 38,6%-ы ашық әрі әділ сайлау арқылы биліктің шешім қабылдауына қалың жұртшылық қатысады дейді. Бұған ешқандай күмән жоқ. Егер ашық әрі әділ сайлау өтетін болса халықтың көпшілігі дауыс берген тұлға немесе саяси партия өкілі өкілеттілік жасайды. Осылайша халық яғни қалың жұртшылық шешім қабылдау процесіне тікелей араласа алады.

Азаматтардың белсенділігін көтеру және жауапкершілік санасын қалыптастыру арқылы шешім қабылдау процесіне қатыстыруға болады деп жамбылдықтардың 25,4%-ы, алматылықтардың 26,6%-ы, оңтүстік

қазақстандықтардың 23,6%-ы ойлайды екен. Бұл да дұрыс пікір деуге болады. Жауапкершілік санасы қалыптасқан азаматтың белсенділігі жоғары болары сөзсіз.

Қалың жұртшылықтың пікірімен санасу үшін билікке қысым жасау арқылы шешім қабылдауға қатысу жолын таңдағандар да бар. Бірақ бұл жол тиімсіз екенін қоғамдық-саяси жағынан пайымдау қиын емес. Бұның соңы саяси тұрақсыздыққа, әлеуметтік шиеленіске және экономикалық дағдарысқа апаруы мүмкін. Дегенмен де бұл жауап нұсқасын таңдағандар бар. Мысалы, жамбылдықтардың 16,6%-ы, алматылықтардың 21,2%-ы, түркістандықтардың 25,4%-ы. Мұндай тәуекелге Алматы облысы мен Түркістан облысынан сауалнамаға қатысқан жауап берушілер барамыз деген пиғылда. Мұның да өзіндік себептері жоқ емес. Міндетті түрде шешімін таппаған мәселелер тұрғындарды осы жолға итермелейтіні айқын.

4-кесте

Қоғамдық институттардың қызметінің ашықтығы мен жариялылық деңгейінің бағасы (5 ұпаймен)

№	Жауап	Жамбыл облысы	Алматы облысы	Түркістан обл.	N-1500
1	ЖӨБ органы	3,0	3,0	3,0	3,0
2	Жергілікті атқарушы билік органы	3,15	3,16	3,15	3,15
3	Саяси партиялар	3,82	3,84	3,81	3,82
4	Қоғамдық ұйымдар	4,13	4,25	4,14	4,17
5	Кәсіподақ ұйымы	3,21	3,1	3,2	3,17
6	БАҚ	4,23	4,12	4,16	4,17

Қоғамдық институттардың ашықтық пен жариялылық деңгейін бағалау қиынға соғары белгілі. Оның үстіне жергілікті өзін-өзі басқару органы әлі өз деңгейінде жұмыс атқара алмаған жағдайда оған баға беру қалың жұртшылық үшін оңайға түскен жоқ. Сауалнама барысында жауап берушілердің көп сұрақ қойып оларға қанша баға қоямыз деген ой мазалады. Өйткені расында да елімізде жергілікті өзін-өзі басқару институты түбегейлі дамып өз деңгейінде жұмыс істеп жатқан жоқ. Оның үстіне бұл институттың қызметінің ашықтығы мен жариялылығына баға беру қажет. Соған қарамастан үш облыстың да респонденттері бұл органға «3» деген баға қойды.

Жергілікті атқарушы билік органдарына халықтың берген бағасы «3,15». Яғни үштен жоғары бағаға қол жеткізді.

Саяси партиялардың ашықтығы мен жариялылығына «3,82» деген баға қойылды. Елімізде қазіргі таңда қоғаммен белсене араласа қызмет атқарып жатқан жалғыз партия бар. Оны барлық отандастар біледі. «AMANAT» партиясы барлық елдімекендерде өздерінің филиалдарын ашып халықпен

қоян-қолтық араласуда. Олардың мәселелеріне құлақ асуда. Сондықтан болар жауап берушілердің саяси партияға оң көзқарас танытуда.

Қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары халықтың сеніміне бірте-бірте ие болып келеді десек қателеспейміз. Өйткені респонденттер бұл институттарға «4,17» деген баға қойған. Ал, кәсіподақ ұйымы болса «3,17» деген бағамен алты институттың ортасынан төртінші орын алуда.

Гипотезаларды тексеру үшін X^2 (Хи-квадрат) әдісі 1900 жылдары Карл Пирсон тарапынан пайдаланылған [2]. Бұл әдіс теңеулердің теориялық тұжырымы мен тәжірибелік мәліметтердің ара қатынасын тексеру үшін қолданылады. Яғни екі әлеуметтік құбылыс арасындағы байланысты зерттейді.

X^2 (Хи-квадрат) таңдалып алынған екі сұрақтардағы теориялық жиілік пен бақыланған жиілік арасындағы байланыстың мәнін, бір-біріне тәуелділік және тығыз байланыстығын анықтайды [3].

Бақыланған жиілік саны арқылы теориялық жиілік санын табады. Сондай-ақ еркіндік дәрежесі де есептеледі. Оған екі сұрақтың жауап нұсқаларының саны арқылы қол жеткізеді [4].

Қазақстандағы саяси құрылыс тәуелсіздік алғаннан кейін демократиялық түрде болды деп халықтың көзқарасы бір арнаға тоғысуда. Ал, демократия туралы түсінігі әр алуан. Осыдан мынадай болжам шығады. Қоғамдағы саяси құрылыс халықтың демократиялық түсінігіне тікелей туелді. Яғни халық қандай саяси режимде өмір сүріп отырса, сол құрылыстың ерекшелігін бойына сіңіре бастайды. Мысалы, сауалнамада Қазақстанның 1905-1916 жылдарда да демократиялық жүйеде өмір сүрді деген пікірді көруге болады. Бұл тарихи оқиғалардың желісімен құрылған болжам мен пайым десек қателеспейміз. Сонымен қатар, В.Ленин, И.Сталин, Н.Хрущев, Л.Брежнев және М.Горбачев кезеңдерінде де демократия болды деп жауап берген респонденттерді көруге болады. Мұның да сол кезеңде өмір сүрген азаматтардың айтуы немесе әдебиеттерден алған мәліметтері бойынша өздерінің көзқарасы деп тұжырымдайық. Қазақстан ешқашан демократиялық ел болған емес деген пікір қазіргі қоғамдағы болып жатқан саяси процестерге байланысты айтылған наразылық деп ойлайық. Қоғамда барлық азаматтардың ойы жерден шығады деп айту қиын. Пікір алуандылығы болған жерде өзгеріс пен даму да орын алып жатады. Сондықтан әр түрлі пікірге ие болу да керекті құбылыс. Салыстырмалы кестеде көрсетілгендей Қазақстандағы саяси құрылыс халықтың демократиялық түсінігіне тікелей тәуелді деген болжамымызды тексеріп көреміз.

5 - Кесте

Қазақстанның қазіргі саяси өмірі және демократияны таңдау жолы

Сіз қалай ойлайсыз, барлық ел демократияға бір жолмен барады ма, әлде әр елдің демократияға барар өз жолы бар ма?	Қазақстанның қазіргі саяси өмірі қай бағытта дамуда?					Σ
	Демократиялық бағытта	Ескі советтік тәртіп қайта орнау	Хаос, анархия өршіп, мемлекеттік төңкеріс қаупі	Авторитаризм, диктатура қалыптасуда	Жауап беруге қиналамын	
барлық ел демократияға бір жолмен барады	206 155,8	28 41,8	9 21,7	28 29	19 41,8	290
Әр елдің демократияға барар өз жолы бар	525 555,1	150 148,8	66 77,1	113 103,3	179 148,7	1033
Жауап беруге қиналамын	75 95,1	38 25,4	37 13,2	9 17,7	18 25,5	177
Σ	806	216	112	150	216	1500

$$X^2 = (206-155,8)^2 / 155,8 + (28-41,8)^2 / 41,8 + (9-21,7)^2 / 21,7 + (28-29)^2 / 29 + (19-41,8)^2 / 41,8 + (525-555,1)^2 / 555,1 + (150-148,8)^2 / 148,8 + (66-77,1)^2 / 77,1 + (113-103,3)^2 / 103,3 + (179-148,7)^2 / 148,7 + (75-95,1)^2 / 95,1 + (38-25,4)^2 / 25,4 + (37-13,2)^2 / 13,2 + (9-17,7)^2 / 17,7 + (18-25,5)^2 / 25,5 = 110,84$$

$$X^2 = 110,84$$

Тендеудің еркіндік дәрежесін табамыз.

$$Sd = (r-1)(c-1) = (3-1)(5-1) = 8$$

Пирсон кестесіндегі (t) 0,05 мән мен 8 санының қиылысындағы мәнге қараймыз. Ол 15,51-ге тең.

$$t = 15,51$$

$$X^2 > t$$

Тұжырым: Қазіргі Қазақстанның саяси өмірі демократияны таңдау жолына тәуелді болмай шықты. Салыстырмалы кестеде байқағанымыздай респонденттердің жартысынан көбі (53,73%) демократиялық бағытта дамуда деген. Қоғамдағы саяси процесс бір немесе он жылда дамымайды. Бұған түбегейлі, тереңнен басталған іргетас пен оған дайындық қажет. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері демократиялық қоғам құру жолында және ол саясатты сауатты жүргізіп келеді. Сауалнама нәтижесінде халық та біртіндеп осыны түсініп келе жатқанын көруге болады.

Конституциялық реформа дегенімізі конституцияға жасалған өзгерістер мен толықтырулар жайлы болып отыр. Бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына қаншалықты әсер етті. Осыны сараптап көрсек.

Қорытынды. Зерттеудің нәтижесінде келесі қорытындылар алынды:

Жергілікті өзін-өзі басқару институты тек ауылдық жерлерде ғана емес, қалаларда да, жалпы мемлекеттің барлық басқару жүйесінде көрініс табуы

керек. Жергілікті өзін-өзі басқару қоғамның сұранысына қашан ие болатынын күтпестен енгізу іс-қимылдарын нақтылау қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқару тек мемлекеттің қызметі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және демократиялық бағытты нарықтық экономика мен қоғамдық институттардың қызметі болып табылады. Зерттеу нәтижесінде тұрғындардың өңірлердегі жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысына берген бағасын сараптай келе, сауалнамаға қатысқан әрбір үшінші адам (31,73%) орташа деген баға берген. 17,07%-ы орташадан жоғары деп жауап берсе, төмен (12,2%) және бағалай алмаймын (13,73%) деп жауап бергендердің үлес салмағы жоғары (9,73%) деп жауап бергендерден де көп. Жалпы осы сұрақтың жауабынан белгілі болғандай жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы орташа деңгейде екендігі белгілі болды. Мұның себебі халықтың көпшілігінің жергілікті деңгейдегі мәселелердің әлі күнге дейін жергілікті атқарушы органдардың шеше алмай отырғандығынан деуге болады. Жергілікті халық қауымдастыққа бірігіп өз мәселелерін өздері шешкеннен гөрі мәселені жоғарыдан келіп тындырып бергенін қалайды. Бірақ азаматтық қоғамда жергілікті мәселелер тек жергілікті деңгейде шешімін табуы тиіс екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұған халықтың көбі әлі сенбейді. Сондықтан да жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына деген қоғамның сұранысы орташа деңгейде.

Әдебиеттер тізімі

1. Тәжин, М.М. Әлеуметтану 2-кітап [Мәтін]: Оқулық / М.М.Тәжин. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 339 б.
2. İÇLİ, Tülin. Sosyal bilimlerde istatistik. [Мәтін] – Ankara, Н.Ü. Fen Fakültesi Basımevi. – 1997. 185 s.
3. Анурин, В.Ф. Эмпирическая социология [Мәтін]: Учебное пособие для вузов / В.Ф. Анурин. – М.: Академический Проект, 2003. – 288 с.
4. GÖKÇE, Birsen. Toplumsal bilimlerde araştırma. [Text] / B. Gokce – Ankara, Savaş. – 1992. 434

Мақала редакцияға 17.05.23 түсті.

Альмуратов Б. Т.

Таразский региональный университет им.М. Х. Дулати, Тараз, Казахстан

МОНИТОРИНГ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ О СОСТОЯНИИ ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

Аннотация. На основе проведенного социологического опроса о влиянии института местного самоуправления на демократические процессы выявлен определенный результат исследования точек зрения жителей трех областей. Рассмотрены спрос общества на развитие местного самоуправления, вопросы, затрагивающие на сегодняшний день развитие сферы местного самоуправления, решения, требующие, по мнению населения, неотложных принятий, уровень оказания помощи общественных и управленческих институтов повышению общественной активности населения, а также эффективные пути вовлечения общественности в процесс принятия властями решений. Посредством анкеты выбраны мнения и вынесен ее результат. По таблице Пирсона составлена сравнительная таблица из двух вопросов, вычислены значения и определено, какая из двух социальных явлений является наиболее значимым. По данному методу

установлено, что политическая жизнь современного Казахстана не зависит от пути выбора демократии.

Ключевые слова: местное самоуправление, демократия, Икс 2 (Хи-квадрат) метод.

Almuratov B. T.

M. Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

MONITORING OF PUBLIC OPINION ON THE STATE OF THE DEMOCRATIC PROCESS OF LOCAL SELF-GOVERNMENT

Abstract. On the basis of a sociological survey conducted on the influence of the institution of local self-government on democratic processes, a certain result of a study of the points of view of residents of three regions was revealed. The demand of the society for the development of local self-government, issues affecting the development of the sphere of local self-government today, decisions that, in the opinion of the population, require urgent adoption, the level of assistance provided by public and administrative institutions to increase the public activity of the population, as well as effective ways to involve the public in the process decision making by the authorities. By means of the questionnaire, opinions were selected and its result was made. According to the Pearson table, a comparative table of two questions was compiled, the values were calculated and it was determined which of the two social phenomena is the most significant. Using this method, it has been established that the political life of modern Kazakhstan does not depend on the path of choosing democracy.

Keywords: local self-government, democracy, X 2 (Chi-square) methods.

Reference

1. Tazhin M. M. Әлеуметтану 2-кітап [Sociology Book 2]: textbook / General Ed. other.– Almaty: Kazakh University, 2005. – 339 pages. [in Kazakh]
2. İÇLİ, Tülin. Sosyal bilimlerde istatistik – Ankara, H.Ü. Fen Fakültesi Basımevi. – 1997. 185 s. [in Turkish]
3. Anurin V. F. Empiricheskaya sociologiya [Empirical sociology]: A Study of vuzov. - M.: academic project, 2003. - 288 p. [in Russian]
4. GÖKÇE, Birsen. Toplumsal bilimlerde araştırma. – Ankara, Savaş. – 1992. 434 [in Turkish]